

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Еңбекту жалпы орта білім
беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**Еңбекту
2024**

1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері): «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылдық округі, Еңбекту ауылы, Н.Әлдекешов көшесі, 3 ғимарат. Заңды тұлғаның байланыс деректері: телефон: 8(71339)71803, факс: 8(71339)71803, электронды почта: Enbektu JOBVM@mail.kz, web-сайт: [https:// Aitekebi.enbektu.edu.kz](https://Aitekebi.enbektu.edu.kz)

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: мектеп директоры Калмурзина Балгул Тугиркызы, лауазымға тағайындау туралы бұйрық № 166, 27.11.2012ж ««Еңбекту орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне Б.Калмурзинаны тағайындау туралы».

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар: Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №469 қаулысымен бекітілген «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берілген күні – 16.01.2021ж. Берген мекеме: ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысының әділет департаменті Хромтау ауданаралық әділет басқармасы.

Рұқсат етуші құжаттар: білім беру қызметіне лицензия №KZ171AA00020653, берілген күні – 28.01.2021ж, лицензиар: "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесі. Лицензияға қосымша № 001, берілген күні – 28.01.2021ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мектепалды даярлық класы қызметінің жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ69RVK00034359, берілген күні - 07.04.2021ж.

Мектептің құрылтайшы құжаттары қоса салынды.

Мектеп ғимараты	1985 жыл 16 қыркүйек
Сыйымдылығы	60
Жалпы мәліметтері	Жалпы аумағы 736м ² . Ғимарат ауқымы: 486 м ²
қабаттылығы	1-қабатты
Жылу жүйесінің түрі	қатты отын
Сумен қамтамасыз етілуі	орталықтандырылған
Білім беру тілі	қазақ
Педагог кадрлар саны	Барлығы- 24 мұғалім
кітапханшы	1
Іс-қағаз жүргізуші	1
Техникалық персонал саны	17
Мектептің материалдық-техникалық базасы	
Сынып бөлмелерінің саны	9
Жаңа үлгідегі кабинеттер саны	4 (физика,химия,биология, әмбебап)
Интерактивті тақа	1
Мектептің жұмыс уақыты	Жұмыстың басталуы: 7:45 мин Жұмыстың аяқталуы: 19:15 мин
Ауысым саны	2

Мектепте оқу-тәрбие процесінде білім алушыларға 24 педагог қызметкер білім береді.

2009 жылы мектепке өрттен сақтандыру дабыл қаққышы қондырылды.

2020 жылы 12 бейнебақылау қондырылды.

Мектепке 2008 жылы (құны-3 000 000 теңгеге) физика кабинеті, 2019 жылы Әйтеке би ауданының білім бөліміне қарасты «Комсомол ЖОББМ» КММ-нің балансындағы (құны – 409700 теңге) химия кабинеті берілді. 2022 жылы (құны -2 448 880 теңге) биология кабинетімен жабдықталды. 2023 жылы Қазақстан халқы қорынан 10111441 млн теңге әмбебап кабинеті алынды.

12-тармақ. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1.Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – **ҮОЖ) сәйкестігі;**

Талдау нәтижелері: 2023-2024 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – **ЖББ ҮОЖ**) және **МЖМБС** талаптарын басшылыққа алып жұмыс оқу жоспары жасалған. 1-11-сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жұмыс оқу жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндерден берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілді. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылды.

2023 - 2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 83,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, жалпы орта білім беруге 70 сағат, барлығы 308,5 сағат апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2023 - 2024 оқу жылдарының сабақ кестелері жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, автоматтандырылған (білім класс) бағдарламаларды пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің

2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 29-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 41-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 31-тармаққа сәйкес келеді.

2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – **ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

Талдау нәтижелері: Үлгілік оқу жоспарлары сәйкес 2023-2024 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, мектеп директорымен бекітілген.

2023-2024 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 11-сынып жинағы бекітілген. Оқу бағдарламаларын базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген. Пәндер бойынша оқу бағдаламаларында оқу пәнінің мазмұны, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекетінің түрлері қамтылған. Оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. Оқу бағдарламаларының мазмұны пәндер бойынша негізгі дағдыны үйренуге бағытталып жасалды. Талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін түрлі тапсырмалар пәнге сәйкес көрсетілген. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары нақтыланып, оқыту мақсаттарының реті айқындалған. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған. Практикалық және зертханалық жұмыстар талдауға, жинақтауға, бағалауға, болжауға, есептеуге, түсіндіруге, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтауға, жобалық тапсырмалар орындауға, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Практикалық және зертханалық, бақылау және қорытындылау жұмыстарының міндетті минимумы аяқталған. Оқу жылы ішінде бағдарламаларында анықталған бөлімдерді оқытудың бірізділігі сақталып, үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес білім беру жүзеге асырылған. Сабақтарды есепке алу үшін оқушылармен /білім класс/электронды журналы жүргізілген, оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар /білім класс/ электронды журналдарына енгізілген. Білім беру ұйымының оқу пәндерінің базалық мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Пәндердің базалық білім мазмұны игерілген. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген.

Оқу жылдары	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	жылдық
2023-2024	53,8%	55,7%	58,8%	57,6%	59,6%

Үлгермеуші оқушы жоқ. Білім сапасы төмен сыныптар бақылауға алынып, қосымша дайындық жұмыстары ұйымдастырылған. Тоқсандардың қорытындысы бойынша әрбір тоқсанның соңында педагогикалық кеңесте білім алушылардың оқу-үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша өсу, кему өзгерістері талқыланып отырған. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар игергендігі анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 10-24 тармақ, 3-қосымша 2-тарау 11,22,37 тармақ,4-қосымша 2-тарау 13,14,24,25-тармаққа сәйкес келеді.

4) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебінің 2023 -2024оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары құрылды.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы орынбасарының 2023 жылғы 1 ақпандағы №23-324,3 хаттамасының 3-тармағын орындау мақсатында

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламысын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар;
2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе 2023-2024 оқу жылына арналған білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламысын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспарын;
3. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламысын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарын;

2023-2024 оқу жылының ӘНХ республикадағы жалпы білім беру мектептерінде балаларды тәрбиелеу жұмысының ерекшелігі- жүзеге асыру талап етілді, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2023 жылғы 08 қараша 01/5126 хаты және ақпараттық отырысында қабылданған шешімдердің 2023 жылғы 06 қараша №6 хаттамасы

2023--2024 оқу жылында тәрбие субъектілерінен 1 тәрбие ісінің орынбасары, 10 класс жетекші, 1 тәрбиеші, 1 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 1 медбике, 1 АӘД мұғалімі, 1 кітапханашы жұмыс атқарды.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы

тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Мектептің тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: Оқушылардың білім, білік, дағды көрсеткіштерінің сапасын арттыру және қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу.

Мақсаты: Отанын жақсы көруге, сыни ойлауы жоғары деңгейде дамыған, өзіндік сенімі айқын көрініс тапқан, өмірге деген өз әрекеттері мен көзқарастары жүйелі, қазақ халқының тілін, тарихын, салтын сақтай отырып, өзге ұлттардың ұлттық мәдениетін құрметтейтін, білімге құштар, бірнеше тілдерді меңгерген, салауатты өмір салтын ұстанатын 21 ғасырдың лайықты адамын тәрбиелеп шығару;

Міндеттері:

1. Жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;
2. Өзін-өзі бағалау мен жеке тұлғаның қоғамдық беделін қалыптастыру;
3. Қоғамдық санасын жаңғырту;
4. Бәсекеге қабілетті адам қалыптастыру;
5. Мәдени-тәрбиелі тұлғаны тәрбиелеу;
6. Шығармашылық қабілеттерін арттыру;
7. Дені сау болуға, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;
8. Өз тілін, дәстүрін, мәдениетін сүйуге және шет тілдерді білу қажеттілігін талап ету, үйрету;

Тәрбие жұмысының орындалуы сабақтарда және сабақтан тыс уақыттарда жүзеге асырылады.

2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес «Адамды үйлесімді даму ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми –әдістемелік Кеңесінің орталығының ұйымдастыруымен «Ата-аналарды педогогикалық қолдау» орталығы ашылды. Даналық мектебінің жетекшісі Г.Нұралина болып тағайындалды. Ата-аналарды педогогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары құрылып жұмыстанып келеміз.Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс неғұрлым тиімді болуы үшін ата аналармен әр түрлі жұмыс түрлерін қолданып келеміз.





«Төрт тоқсан-төрт өнер», «9 ай- 9 іс-шара» жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар.



Нравится mahatova_guli_04.73 и ещё 27 enbektuortamektebi 11-класс оқушысы Нұрлыбек Ернат жерлес ақын Әкімәлі Қаржауұлының туған күніне орай ұйымдастырылған облыстық "Сұрасаң менің атым Әкімәлі" атты ақындар мұшайрасына қатысып, жұлделі 2-орынға және 30 000 теңге ақшалай сыйлыққа ие болды. Жетекшісі: Бегалина Сағыныш Ержанқызы



Нравится albina.1507 и ещё 25 enbektuortamektebi Республикалық "Мен жастарға сенемін" атты оқушылар арасындағы айтыстың облыстық кезеңіне 11-класс оқушысы Нұрлыбек Ернат қатысып, Алғыс хатқа ие болды.



Нравится albina.1507 и ещё 30 enbektuortamektebi Қаңтар айының 19-ы күні Ақтөбе қаласында облыстық "Жыр алыбы-Жамбыл" айтысы өткізілді. Айтысқа облыстан 23 оқушы қатысты. Айтыс тақырыптық және қайым айтыс деген екі кезеңнен тұрды. Мектебіміздің 11-сынып оқушысы Нұрлыбек Ернат аудан атынан қатысып, өзінің шығармашылығы мен дарындылығын көрсетіп, жұлделі III орынға ие болды.



«Оқуға құштар мектеп»

25-қазан Республика күніне орай «Қыран елім – Қазақстан» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды қазақстан тарихы туралы жазылған деректермен, әдеби шығармалармен таныстыру ел тарихынан ақпарат алуға жағдай жасау



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жазушы-драматург, журналист Оралхан Бөкейдің 80-жылдық мерей тойына орай мектеп мұғалімдері арасында «Қайдасың, қасқа құлыным» тақырыбында оқырмандар конференциясы өткізілді.



«Оқуға құштар мектеп-қысқы демалыста» бейнеролик.



«Абай әлемі» танымдылық ақпараттық кеш.



Еңбекту ЖОББМ-ның Мектепалды сыныбында оқушылар мен ата-аналар арасында “Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Мақал - мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, мағынасы терең, құны қымбат қазына. Мақал - мәтел – тәрбиелік мәні зор, рухани байлық туралы мағлұмат беру. Білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, мақал – мәтелдерді орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тіл – қай ұлтта қай елде болса да құдіретті, қастерлі. Ана тілімізді дамытып, орыс тілін қолданып, ағылшын тілін үйренеміз деген мақсатпен оқушылардың қызығушылықтарын арттыру.



«Балалар және театр» жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар





«Ұшқыр-ой алаңы» Жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар

«Ой-Дария» дебат клубының ЛД форматында мектепшілік пікірсайысы өткізілді. Пікірсайыс «Болашақ» және «Кемеңгер» фракция араларында «Телефонның пайдасы мен зияны» тақырыбында өтті. Клубтың спикерлері өте керемет ойын көрсетті.



«Ой-Дария» дебат клубының АПФ форматында мектепшілік пікірсайысы өткізілді. Пікірсайыс «Болашақ» және «Кемеңгер» фракция араларында «Жасөспірімдердің интернеттегі мінез-құлқы және қарым-қатынасы» тақырыбында өтті. Клубтың спикерлері өте керемет ойын көрсетті. I орынды «Болашақ» фракциясы иеленіп, II орынға «Кемеңгер» фракциясы ие болды.





Кәмелетке толмағандар арасында жүргізілген жұмыстар

Еңбекту ЖОББМ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу» іс-шаралар жоспарына сәйкес 9-11 сынып ер балаларына Қарабұтақ ауылдық әуылдық учаскелік полиция инспекторы капитан А.Ахметалинмен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушылар ойларында жүрген сұрақтарын қойып, пікір алмасып, сұрақтарына толықында жауап алды. Кездесу соңында Ақылек Нағашыбайұлы оқушыларымызды құқық бұзушылықтан аулақ болуға еліміздің патриот азамат азаматшасы болуға шақырды.



Нравится asylbekizbasarov_ и ещё 26 enbektuortamektebi Кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген кеңес хаттамасын негізге ала отырып, мектеп пен ата- ана арасындағы байланысты нығайту мақсатында Еңбекту ЖОББ мектебінде ата- аналар кезекшілігі ұйымдастырылды #біртұтастарбие @aitekebi_bilim_bolimi



Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебінде құқық бұзушылықтың алдын -алу жоспары құрылып іс шаралар өткізілуде. 20 қараша күні 1-4 сынып оқушыларынан «Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. 21 қараша күні 5-7 сынып оқушылар арасында «Бала құқығы-асыл қазына» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылып жақсы жазған оқушылар марапатталды. 17.11-25-12 күндері аралығында түнгі рейд жүргізіліп көшеде жүрген оқушылар анықталмады. 24 қараша күні «Мен және менің құқығым» тақырыбында пікірталас сайысы өтті. «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында оқушылардан сауалнама алынды. Мақсаты: зорлық –зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы түсіндіру. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Оқушыларды жаман әдеттерден

бойларын аулақ ұстатып, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау



8 наурыз мерекесіне орай мектепшілік шаралар ұйымдастырылды. Жылдағы дәстүр бойынша аналарыз бен әжелеріміз шақырылып оқушылар мерекелік кештер өткізілді.



2023-2024 оқу жылында Еңбекту ЖОББ мектебінде үйірмелер мен спорттық секциялар саны-3. Олар: шахмат, теннис, футбол .

2023-2024 оқу жылында 56 оқушы. Оның 51 оқушысы мектептегі спорттық секциялар мен үйірмелерге тартылды.

Атауы	Жалпы бала саны	Бала саны	Пайыздық көрсеткіші
I. Спорт секциялары			
Фудтбол	42	8	75
Тенисс		16	
Шахмат		18	
II. Үйірмелер			
«Дебат» үйірмесі	30	19	53
«Театр» қолдар		11	
III. Қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірмелер			
Ауылдық балар спорт мектебі	27	13	48
Саз мектебі		14	

5. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістермен және толықтыруларымен Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыз № 365 бұйрығы 86 – қосымшасы (Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) **10-11 сыныптарда жанартылған мазмұны бойынша жаратылыстану – математикалық бағытында вариативтік компонентінен «Жаһандық құзыреттілік» 1сағаттан берілді, элективті курстардан 10 сыныпқа «Қызықты информатика»-1 сағат және «Speak English»-1сағат берілді, 11 сыныпқа «Python бағдарламалау тілі»-1 сағат және «Interesting Grammar»- 1 сағат бөлінді.**

2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп жаратылыстану-математикалық бағытта бейімделіп оқытылған. Жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып бекітілді. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалды. Сынып журналдарында теориялық, практикалық сабақтар көрсетілген. №1 Педагогикалық кеңесте қаралған. 2023-2024 оқу жылында 1-4-сыныпта жаратылыстану – математикалық бағытында тереңдетілген деңгей бойынша аптасына 1 сағаттан (Белсенді –қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық жұмыс) үйірме сағаттары өтеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 4-қосымша 2-тарау 13,14,24,25-тармаққа сәйкес келеді.

6. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

2023-2024 оқу жылында 1 оқушы Мендіғали Раяна. Кеңестен өткені жайлы 04 қазан айы 2022 жыл. Қорытынды диагнозы : Задержка психическая развития ОНР II – III уровня. Ерекше білімді қажет ететін оқушыға сабақ беретін бастауыш мұғалімі, денешынықтыру пәнінің мұғалімі инклюзивті курстан өтті.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 45-тармаққа сәйкес келеді.

7. *ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;*

Талдау нәтижелері: 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативтік компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілді. Вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілді. Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті орындалған.

2023 – 2024 оқу жылында 13 сағат апталық жүктеме вариативтік компонент жүзеге асырылды. Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты(жаратылыстану-математикалық бағыт), балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 6,7-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 18,19-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 31-тармаққа сәйкес келеді.

8. *"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы*н игеру;

Талдау нәтижелері:

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы-3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымшасы 2 тарауы 25 тармағына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда (дүниетану) оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымшасы 4 тарауы 56 тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі негізде жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 4-қосымшасы 4 тарауы 50 тармағына сәйкес 10-11 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 25-тармақ, 3-қосымша 4-тарау 56-тармаққа, 4-қосымша 4-тарау 50-тармаққа сәйкес келеді.

9. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру


Талдау нәтижелері: Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2022 жылғы-3 тамыздағы №348 бұйрығының 2 қосымша 2 тарау 26 тармағын орындау мақсатында «Жолда жүру ережелері оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімдерін көрсете отырып, іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы-3 тамыздағы №348 бұйрығының 3 қосымшасы 2 тарау 38 тармағын орындау мақсатында 5-8 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілетін күні көрсетіліп жазылды.

«Жолда жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта жүргізілді. Тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылды.

Оқу жылы басында «Жолда жүру ережелері» оқу курсы жүргізу мақсатында ӘНХ басшылыққа алынып, көрсетілген жоспар сағаттарына байланысты 1-8-кластарда класс сағаттарымен кіріктіріліп жүргізіліп отырды .



ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2 қосымша 2 тарау 26 тармағына, 3 қосымшасы 2 тарау 38 тармағына сәйкес келеді.

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау

Талдау нәтижелері: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 500 бұйрық) бекітілген оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің " Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш , негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 348 бұйрық) бекітілген Бастауыш білім берудің, негізгі орта білім берудің, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 20 % болу керек болса, Еңбекту ЖОББМ 4 бастауыш сынып мұғалім 3 педагог-сарапшы, 1 педагог-зерттеуші 100% педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі 33 %; болса, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі 50% құрайды.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету үшін лицензияланған медициналық кабинет жұмыс жасайды. Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер: Лицензия нөмірі АК10497DD, берілген күні: 30.12.2011ж. Лицензиат: «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ

Мектепте 12 орындық асхана жұмыс жасайды. Асхана жеке кәсіпкер Кеншинбаева Г.Р. (Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Оспанов, 2. Тел:26-4-37) 11 жалға берілген. 06.12.2021жылы №D.01 X KZ8VWF00054432 санитариялықэпидемиологиялық қорытынды бар. Асхана соңғы үлгідегі екі электр пешпен, 1 тоңазытқыш, 1 мұздатқышпен және басқа да барлық құралдармен толық жабдықталған. Тәрбиеленушілерге барлық санитариялық талаптарды сақтай отырып, буфеттік тамақтану ұйымдастырылған. Асхананы мектептің ресми сайты <https://Aitekebi.enbekty.edu.kz> «Тамақтану» бөлімінен ас мәзірін көруге болады

Өрт қауіпсіздік талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігі бойынша ғимаратта бір өртке қарсы бұрыш бар, онда күрек, сүймен, құмы бар жәшік, екі өрт сөндіргішпен жабдықталған. Ғимаратта 2023 жылы жаңадан дабылқаққыш қондырғылары орнатылған. Жыл сайын келісім-шарт негізінде дабылқаққыш қондырғысының техникалық жағдайын тексерілген. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдарды тағайындау туралы бұйрығы, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтың көшірмелері, келісім-шарттары жинақталған. Ғимаратта мектеп директорымен бекітілген «Өрт кезіндегі көшіру жоспары» ілініп, «Өрт қауіпсіздік ережелері» бұрышы жасақталған.

Мектепте 1 информатика кабинеті бар. Онда 2012-2018 жылы берілген 9 жаңа буынды компьютер, 2020-2021 жылдары берілген 11 ноутбук бар, барлығы Wi-Fi арқылы интернетке қосылған. Интернетке қосылу жылдамдығы – 10-20Мбит/с. Барлық компьютерлерде, ноутбуктарда оқу бағдарламасының мазмұнына сай лицензияланған программалық жасақтамалар қондырылған.

Мектепте барлығы 9 оқу кабинеті бар. Оның ішінде бастауыш класс, физика, химия, биология, информатика, тарих-география, қазақ, орыс тілі мен ағылш тілі, әмбебап кабинеті, мектеп алды даярлық бар. Бастауыш класс кабинетінде 1 компьютер, 1 экран проекторымен, тарих-география кабинетінде 1 компьютер, 1 экран проекторымен орнатылған. 2015 жылы берілген химия кабинеті толығымен қажетті құралдармен және 1 интерактивті тақтамен жабдықталған. 2022 жылы жаңадан биология кабинеті беріліп, оның ішінде тек 1 интерактивті панель, 1 компьютер, 2 сөре, 15 парта 30 орындығымен. 2008 жылы берілген физика кабинетінде де құралдары толық, 1 компьютер, экран, проекторы 2023 жылғы әмбебап кабинет барлық көрнекі құралдымен толық жабдықталған, 1 интерактивті панель, 1 компьютер, 1 принтері бар.

Мектепте ер және қыз балаларға арналған бөлек дәретханалар бар. Қыз балаларға арналған – 2 унитаз, ер балаларға арналған – 1 унитаз, 1 писуар бар және дәретханаларда 2 жуынатын раковинадан орнатылған және 2 қол кептіргіштер ілінген.

2020 жылы мектепке 12 дана бейнебақылау камералары орнатылған. Оның ішінде ғимарат аумағы бойымен сыртта 6 камера, ғимарат ішінде 6 камера бар. Бейнебақылау камералары барлығы іске қосылы, жазбалардың сақталу мерзімі 18-24 тәулікті құрайды

Edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атау: <https://Aitekebi.enbekty.edu.kz>

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін ғимаратқа кіре берісте пандус орнатылған.

ҚР денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» №76 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидаларына сай мектепте ауыз су режимі ұйымдастырылады. Ауыз су сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келеді. Суға арналған диспенсер тұрақты түрде тазартылады. Су ішу үшін 1 реттік қолданылатын стақандар пайдаланылады. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін бұйрықпен жауапты болып мектеп медбикесі тағайындалған. Оқушылар мен тәрбиеленушілердің мектепте болатын барлық уақыты ішінде ауыз суға еркін қолжетімдігі қамтамасыз етілген.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен

кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін қойылатын 16-1 «№44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және №216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы» біліктілік талабы сақталған. Мектепте 1 кітапхана жұмыс жасайды. Кітапхананың жалпы ауданы – 12,5м². Кітапхана қорында жалпы кітап қоры – 3715 дана. Оның ішінде қолданыстағы жаңа буын оқулықтары – 2715 дана. Соңғы 5 жылда алынған көркем әдебиет қоры – 1000 дана, мұғалімдерге арналған оқу әдістемелік құралдар – 28 дана. Кітапханадағы оқырман саны – 100, кітапханаға келушілер саны – 1000, кітап беру саны – 1500. Кітапхана қорын жыл сайын ескірген, программаға сәйкес келмейтін оқулықтарды есептен шығарылған. Алынған оқулықтар арнайы құжат арқылы кірістіріліп, акт арқылы есептен шығарылған. Әр тоқсан сайын оқулықтардың тазалығына тексеріс жұмыстары жүргізілген.

Тақырыптың атауы	Оқыған ұйымның атауы	Сағаттар саны және жұмыс өтілі	Уақыты Серифика №
3	5	6	7
Калмурзина Балгүл Тұғырқызы - мектеп директоры, жаһандық құзыреттілік			
«Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмаған балалар арасында суйцидтің алдын алу»	«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты.	36 сағат	17.05.2024ж №3654
Біліктілікті арттыру курсы Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету»	«Педагогикалық шеберлік орталығы	80 сағат	04.05.2024ж №068237
Махамбетова Бакытгуль Абдировна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, география пәнінің мұғалімі			
«Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент»	«Өрлеу»біліктілік арттыру орталығы	80 сағат	30.06.2023ж №0682429
Біліктілікті арттыру курсы «Жаратылыстану және география мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	Педагогикалық шеберлік орталығы	80 сағат	19.04.2024ж №083096

Байнязова Айнур Сагидуллаевна –Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары , ағылшын пәнінің мұғалімі			
«Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент»	«Өрлеу»біліктілік арттыру орталығы	80 сағат	30.06.2023ж №0682429
Калмурзина Жания Тугыровна- бастауыш сынып мұғалімі			
«Бастауыш сынып мұғалімдерінің математика,қазақ тіліжәне әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту»	«Өрлеу»біліктілік арттыру орталығы	80 сағат	20.10.2023ж №0663852
Төлеуова Ақгүл Самалқызы- бастауыш мұғалімі			
«Бастауыш сынып мұғалімдерінің математика,қазақ тіліжәне әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту»	«Өрлеу»біліктілік арттыру орталығы	80 сағат	20.10.2023ж №0663865
Рахметова Гулсара Балымбетовна- бастауыш мұғалімі			
«Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру»	«Өрлеу»біліктілік арттыру орталығы	80 сағат	24.05.2024ж. №0748187
Әзбергенов Талғат Еркінұлы- дене шынықтыру пәнінің мұғалімі			
«Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиясы»	«Өрлеу»біліктілік арттыру орталығы	80 сағат	26.04.2024ж.
Келдібай Ақсауле Саматқызы- ағылшын тілі пәнінің мұғалімі			
«Совершенствование предметных компетенций учителя английского языка по сложным темам в рамках учебной программы для 5-9 классов»	«Өрлеу»біліктілік арттыру орталығы	80 сағат	28.04.2023ж. №0541653
Асауғалиева Жанат Нұрадинқызы мектепалды даярлықтың тәрбиешісі			

«Мектепалды даярлықтың тәжірбиелік және мазмұндық аспектілері»	Өрлеу»біліктілік арттыру орталығы	72 сағат	05.04.2024ж. №0644104
--	-----------------------------------	----------	--------------------------

2023-2024 оқу жылының Еңбекту ЖОББМ-нің оқушыларының жетістіктері.

Аудандық жетістіктер

Жас ұрпаққа тілдің ұлттық құндылық ретіндегі маңызын таныту мақсатында ұйымдастырылған «Тіл білгірі» байқауында I орын иеленген «Еңбекту өрендері» Жетекшісі: Бегалина Сағыныш 2023 жыл.

